

10.06.2024 - Жаңалықтар

"Парктер шеруі-2024" табиғатты қорғау акциясы аясында "5 маусым-Қоршаған ортаны қорғау күніне" орай Үстірт қорығының мемлекеттік инспекторлары «Қазақстан биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (АСБК) қолдауымен «ЕСОJOL» әлеуметтік кәсіпорны «ЕСOJER» қауымдастығы Маңғыстау облысы бойынша аймақтық экологиялық кеңесінің бастамасымен Қарақия-Қаракөл мемлекеттік зоологиялық қаумалының бөлігі Қаракөл көлінде экологиялық ұйымдастырылған іс-шараға қатысты.

📍 Бұл акцияға Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі «Эколидер» клубының белсенді мүшелері мен «Қаракөл сақшылары» еріктілер экопатруль жасағындағы Мұнайлы ауданы Баянды ауылы №3 жалпы білім беретін мектебінің оқушылары қатысты.

🔗 Акция барысында жас экологтар Қаракөл жағалауында сенбілік ұйымдастырып, құстарды бақылап, PASCO аппаратын қолдану арқылы экологиялық зерттеулер жүргізіп, интеллектуалды және спорттық ойындарға қатысты.





14.06.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Астана қаласындағы С.Сейфулин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті «Аңшылық тану және аң шаруашылығы мамандығына оқып жақан Жаббас Найман 2024 жылдың сәуір мамыр айында Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында диплом алды практикасынан өтті. Ж.Найманның ғылыми іс-тәжірибе жинақтау жұмысына, қорықтың ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің басшысы Ж.Устадов жетекшілік жасады.



18.06.2024 – Қорғау бөлімі

2024 жылдың 10 маусым және 17 маусым күндері қорық ғимаратында "табиғи кешендермен объектілерді күзету" бөлімінің мемлекеттік инспекторлары аралық емтихан тапсырды.



20.06.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

18.06.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы Қызылсай ауылдық округі №4 ЖББ мектептің жанынан ашылған “Жасұлан” жазғы лагеріне “Бақытты балалық шақ” тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырды.



24.06.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

21.06.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы №1 ЖББ мектептің жанынан ашылған “Алақай” жазғы лагеріне “Бақытты балалық шақ” тақырыбында іс- шаралар ұйымдастырды.



24.06.2024 – Жаңалықтар - Новости

Неміс халықаралық даму қоғамының (GIZ) «Арал өңірінің экологиялық бағдарланған өңірлік дамуы» аймақтық жобасы бойынша және Михаил Зукковтың қоры Үстірт қорығы ұжымына қорықтың флорасы мен фаунасын қорғау және мониторинг жұмыстарын жүргізуге арналған бірқатар құрал-жабдықтарды тапсырды. Атап айтқанда, дүрбі, GPS қабылдағыштары, үлкен масштабтауы бар цифрлық фотокамералар және цифрлық шағын метеостанция алынды. Құрал-жабдықтар «Smart» жабайы жануарлардың цифрлық мониторингін қалпына келтіру және GIZ және Михаил Зукков қорының бастамасымен Үстірт жонында биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы Өзбекстан, Түркіменстан және Қазақстан арасындағы трансшекаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту аясында алынды. Осылайша, Үстірт қорығының қызметкерлері 2022 және 2023 жылдары Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстанның табиғат қорғау ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Ырғыз-Торғай резерваты және Судочье-Акпетки (Өзбекстан) мемлекеттік табиғи қамалы базасында Орталық Азияның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы жабайы жануарларға цифрлық мониторинг жүргізу бойынша семинарларға қатысты.

Устюртскому заповеднику региональным проектом Германского общества по международному развитию (GIZ) «Экологически ориентированное региональное развитие Приаралья» и Фондом Михаэля Зуккова вручено несколько наименований приборов и оборудования для ведения охраны и мониторинга флоры и фауны заповедника. В частности, получены бинокли, gps-приемники, цифровые фотоаппараты с большим зумом и цифровая мини-метеостанция. Оборудование получено в рамках возобновления цифрового мониторинга диких животных “Smart” и дальнейшего развития трансграничного сотрудничества между Узбекистаном, Туркменистаном и Казахстаном в сфере сохранения биоразнообразия на плато Устюрт, инициированные GIZ и Фондом Михаэля Зуккова. Так сотрудники Устюртского заповедника приняли участие в семинарах по цифровому мониторингу диких животных в особо охраняемых природных территориях в Центральной Азии на базе Иргиз-Тургайского резервата и государственного заказника «Судочье-Акпетки» (Узбекистан) в 2022 и 2023 годах с участием представителей природоохранных организаций Казахстана, Кыргызстана, Туркменистана и Узбекистана.



05.07.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

03.07.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы Төлесін Әлиев атындағы №1 ЖББМ-тің жанынан ашылған “Алақай” жазғы лагеріне “Ұлттық ойындар” тақырыбында сайыс ұйымдастырды.



12.07.2024 – Жаңалықтар - Новости

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының құрылғанына 40 жыл!

◆ Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы 1984 жылдың 12 шілдесінде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің № 294 қаулысымен ұйымдастырылған.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығын құрудың мақсаты – табиғи экожүйелердегі процестердің табиғи барысын сақтау. Оңтүстік-батыс шөлді аймақтарына тән тірі ағзалардың генетикалық қорын сақтау және қалпына келтіру.

Қорық аумағында сүтқоректілердің 33 түрі (8 түрі ҚР Қызыл кітабына енген), құстардың 174 түрі (21 түрі ҚР Қызыл кітабына енген), өсімдіктердің 403 түрі (5 түрі ҚР Қызыл кітабына енген), бауырымен жорғалаушылардың 15 түрі (1 түрі ҚР Қызыл кітабына енген), қосмекенділердің 1 түрі бар.

Осы 40 жыл ішінде Үстірт қорығы жануарлардың көптеген түрлерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлардың мекеніне айналды. Қорықтың мақтанышы – Үстірт эндемигі – Үстірт уриалы

Қорық ұжымы өз жұмыстары арқылы табиғи кешендер мен Үстірттің бірегей шөлді экожүйесін сақтауға өз үлесін қосуда!

◆ Устюртскому заповеднику исполнилось 40 лет!

12 июля 1984 года был создан Устюртский государственный природный заповедник. Целью создания Устюртского государственного природного заповедника – эталонирование естественного течения процессов в природных экосистемах. Сохранение и восстановление генетического фонда живых организмов свойственных юго-западным пустыням.

По данным научных исследований территорию заповедника населяют представители 4 классов наземных позвоночных животных, в том числе земноводных – 1, пресмыкающихся – 15, птиц – 174 и млекопитающих – 33 вида.

За 40 лет существования наш заповедник стал домом для многих видов животных, в том числе занесенных в Красную книгу Республики Казахстан. Гордостью нашего заповедника является эндемик Устюрта – Устюртский уриал (архар).

Своей работой коллектив заповедника способствует сохранению природных комплексов и уникальной пустынной экосистемы Устюрта!



12 ШІЛДЕ - ҮСТІРТ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ!

Құрметті әріптестер

табиғатты қорғау саласында
атқарып жатқан
жұмыстарыңыз табысты
болып, еліміздің биологиялық
алуантүрлілігін, табиғат
амандығын сақтап, ұйытқы
болып келе жатқан елеулі
еңбектеріңіздің жемісімен
биік шыңдарға көтеріле
беріңіздер.



WWW.USTIRT.KZ

15.07.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

Сыбырлақ аққу

Лебедь-шипун

Cygnus olor

Сыбырлақ аққу – қазтәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын құс. Қазақстанның жазық аймақтарындағы су айдындарында кездеседі. Ұзындығы 180 см, қанатын жайғанда 240 см болады. Құйрығының ұзындығы 18 см, салмағы 8-13 кг. Қауырсыны аппақ, балапанында сұр түсті болады. Мойны жіңішке, қызыл түсті тұмсығында қара бұдыр анық көрінеді. Аяғы көбінесе қара түсті. Ұшқан кезде дыбыс шығармайды, мазасызданған кезде кейде сыбырлағандай болады, құстың аты осы қасиетіне қарай қойылған. Көктемде ұшып келіп, ұясына 5-8 жұмыртқа салып, бір айдай басады. Қазан айының соңында жылы жаққа ұшып кетеді. Негізінен су астындағы өсімдіктермен, ішінара омыртқасыздармен де қоректенеді. Өте сымбатты жыл құсы.

Фото авторы Ж.Э.Нурмухамбетов.

Лебедь-шипун – птица из отряда гусеобразных, семейства утиных. Встречается на водоемах равнинных районов Казахстана. У лебедей очень длинная шея, вытянутое туловище, тело и голова средней величины с оранжево-красным клювом, у основания которого есть характерный черный нарост. Шипуном назван из-за звука, издаваемого при раздражении. В длину может достигать 180 см, масса 8-13 кг. Размах крыльев лебедя-шипунa около 240 см. Лебедь-шипун образует пожизненные моногамные пары. Птицы впервые гнездятся на третьем или четвертом году жизни на суше у воды, в тростниках на мелких озерах или на затонах больших рек вдалеке от человеческого жилья. В сезон гнездования, который начинается в марте, самцы становятся агрессивными и защищают свою территорию, издавая шипящие звуки. В кладке 5-8 яиц грязного желто-бурого цвета. Инкубационный период длится 35-38 дней. Насиживает в основном самка. Вылупившиеся птенцы весят примерно 220 г. Оба родителя заботятся о выводке в течение четырех-пяти месяцев. Птенцы всюду следуют со своей матерью, находясь у нее на спине. Это помогает защититься им, среди прочего, от больших щук. В возрасте от 120 до 150 дней птенцы становятся самостоятельными.

Автор фото Нурмухамбетов Ж.Э.



17.07.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

16.07.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы Теңге ауылындағы №14 ЖББМ-тің жанынан ашылған “Балауса” жазғы лагеріне “Ұлттық ойындар” тақырыбында сайыс ұйымдастырды.





25.07.2024 – Қорғау бөлімі

24.07.2024 ж Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының ғимаратында заңгер А.Абиев мемлекеттік инспекторларға "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заң" тақырыбында оқу сабағын ұйымдастырды.





30.07.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

24.07.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы №12 бастауыш мектептің жанынан ашылған “Қыран” жазғы лагеріне “Ұлттық ойындар” тақырыбында сайыс ұйымдастырды.



07.08.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг + Қорғау

7 тамыз 2024 жылы Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімінің қызметкерлері қорғау бөлімінің мемлекеттік инспекторларына ғылыми жұмыстар бойынша практикалық сабақ жүргізді.





13.08.2024 – Экологиялық ағарту және туризм бөлімі

13.08.2024ж Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің мамандары Жаңаөзен қаласы "Теңге ауылы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің" оқушыларына "Толағай" эстафеталық-спорттық сайысын ұйымдастырды





16.08.2024 – Қорғау + Жаңалықтар

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы РММ “Қорғау” бөлімінің басшысы Қ.Мамаев мемлекеттік инспекторлар Е.Бердібеков, Қ.Әбдікаримов, Н.Артықов 16.08.2024 ж Қарақия-Қаракөл қаумалы аумағына ескерту және өрт қауіпсіздігі жөніндегі аншлағтарды орнатып, жаңарту жұмыстарын жүргізді.





20.08.2024 – Ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі

 Соғды қызғалдағы

Лалагүлдер тұқымдасы

Тюльпан согдийский

Семейство Liliaceae Hall. - Лилейные

Tulipa Sogdiana Bunge

Liliaceae Hall

◆ Статус. 5 (Co), Үстіртпен Маңғышлақтағы сирек түр.

Көпжылдық, биіктігі 10-25 см. Пиязшық жұмыртқатәрізді, қалыңдығы 1,5 см-ге дейін, қара-қоңыр, мықты, ішкі жағындағы жұнтәрізді жұқа қабығымен. Сабақтар жалаңаш. Жапырақ саны 2, сирек 3, азды-көпті арасы алшақ, қайқиған, кейде арасы сәл ғана ашық орналасады, жалаңаш, ланцетті-таспалы, ені 4-10 мм., төменгісі барынша кең, гүлден озбайды. Гүл 1, сирек 2. Гүлсерігінің бөліктері ақ, әзер байқалатын күлгін бояуымен, түп жағы сары, ұзындығы 15-25 мм-ге дейін, сыртқылары созыңқы, сырт жағынан күңгірттеу-күлгін, ішкісінен екі есе дерлік жіңішке, ішкілері жұмыртқатәрізді. Аталықтар, күлтеден 2,5 есе қысқа. Жеміс - қорапша, ені 1 см., ұзындығы 1,5 см., қысқа тұмсықшасымен.

Құмдардың көктемгі эфемероиды, сирек сазды шөлдердің эфемероиды. Сәуір-наурызда гүлдейді.

Фото авторы: Ж.Э.Нурмухамбетов

◆ Статус. 5 (Co), редкий на Устюрте и Мангышлаке вид.

Многолетник, 10-25 см выс. Луковица яйцевидная, до 1,5 см толщины, с черно-бурыми, крепкими, с внутренней стороны шерстистько оболочками. Стебли голые. Листья в числе 2, реже 3, более или менее расставленные, отогнутые, иногда слегка расставленные, голые, ланцетно-линейные, 4-10 мм шир., нижний более широкий не превышающий цветок. Цветок 1, реже 2. Доли околоцветника белые, с едва заметным розовым оттенком, при основании желтые, до 15-25 мм длины, наружные продолговатые, снаружи грязновато-фиолетовые, почти в два раза уже внутренних, внутренние яйцевидные. Тычинки в 2,5 раза короче венчика. Плод - коробочка, 1 см шир., 1,5 см длины, с коротким носиком.

Весенний эфемероид песков, реже глинистых пустынь. Цветет в марте-апреле.

Автор фото: Нурмухамбетов Ж.Э.



22.08.2024 – Қорғау бөлімі + Жаңалықтар

2024 жылдың 14-23 тамыз аралығындағы вахталық кезекшіліктегі “Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы” РММ инспекторлары Д.Атантаев, Т.Дарибаев, Н.Қайрат қорық аумағындағы “Көкесем” туристік маршрутымен барған туристердің рұқсат қағазының бар-жоғын және көліктерін тексеріп, қажет болғандарға жол көрсетті.

◆ С 14 по 23 августа 2024 года инспектора РГУ «Устьюртского государственного природного заповедника» Д.Атантаев, Т.Дарибаев, Н.Қайрат на вахтовом дежурстве проверяли наличие разрешительных документов и транспортных средств туристов, прибывших по туристическому маршруту «Көкесем».

